

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



II Халықаралық Фараби оқулары аясындағы
«ЖОО БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ МЕНЕДЖМЕНТІ» атты
ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

10 сәуір 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

научно-методической конференции
«МЕНЕДЖМЕНТ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ»
в рамках II Международных Фарабиевских чтений

10 апреля 2015 года

Алматы 2015

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



II Халықаралық Фараби оқулары аясындағы

«ЖОО БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ МЕНЕДЖМЕНТІ» атты

ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

10 сәуір 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

научно-методической конференции

«МЕНЕДЖМЕНТ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ»

в рамках II Международных Фарабиевских чтений

10 апреля 2015 года

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

СОДЕРЖАНИЕ

ЖОО ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ВУЗЕ

Әлқожаева Н.С., Мырзағұлова М.Д. Білім сапасымен басқарудың негізгі мазмұны.....	3
Абдикерова Г.О. Интеграция системы высшего образования и работодателей на примере развитых стран мира.....	5
Абдирайымова Г.С., Вережкин А.В., Лифанова Т.Ю., Кенжакимова Г.А. Молодежь о высшем образовании как ценности в контексте измерения конкурентоспособности выпускников казахстанских вузов.....	8
Абжалов С. Дінтанулық білім беруде исламтануды оқытудың және сапалы маман даярлаудың кейбір өзекті мәселелері.....	11
Абишева А.К. Философско-методологические основы социально-гуманитарного образования и науки.....	14
Аликбаева М.Б., Тунгатова У.А. Мәдениеттанулық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысты орындау жөнінде әдістемелік нұсқаулық	17
Асқар Л.Ә., Аташ Б.М., Құранбек Ә.А., Алиев Ш.Ш. «Философия жайынан» және оны қазақ тілінде оқытудың түйткілді тұстары.....	19
Әлтаева Н.С. Діни сауаттылықты арттыру – қоғам талабы	21
Байтенова Н.Ж., Рысбекова Ш.С. Академическая мобильность студентов как фактор подготовки конкурентоспособного специалиста	24
Бейсенов Б.К. Қазақстандағы дінтануды оқытудың әдістемелік негіздері.....	25
Борбасова Қ.М. ЖОО арналған «Дінтанулық» пәндер оқулықтарының мазмұндық принциптері.....	29
Ғабитов Т.Х. Кәсіби білім берудегі адами капиталдың рөлі	31
Дуйсенова С.М., Чинаилова А.М., Агибаева Ф.А. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы білім мен ғылымның интеграциялану процесі.....	34
Едильбаева М.А. Пути активизации речевой деятельности на уроках русского языка	37
Едильбаева С.Ж., Нигметова А.Т., Казиева Ж.Н. Образование посредством науки в контексте философских идей Ю. Хабермаса	39
Едильбаева С.Ж., Джаамбаева Б.А. Білім беру аксиологиясы	41
Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г. Сравнительный анализ традиционной и современной формы преподавания элективной учебной дисциплины для докторантов	44
Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н. Значение метода сравнения в структуре преподавания философских и культурологических дисциплин.....	47
Камзанова А.Т., Кабакова М.П. Компетентностная модель выпускника-психолога как основа менеджмента качества высшего образования.....	50
Қылышбаева Б. Н. Семья как объект анализа в социальных науках	52
Қуатбаева Г.К., Косынбаев Б.Т. Институциональные факторы улучшения качества образования	55
Лукпанов А.И. Проблемы качественного социально-гуманитарного образования в контексте инновационных преобразований в ВУЗе.....	60
Мамытқанов Д.Қ. Амитов С.А. Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасы бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші ретінде	62
Маульшариф М. Организация учебного процесса в системе высшего образования Великобритании.....	64
Мұханбет Ә.А., Бияздықова К.Ә. Білім беру мен ғылымның интеграциясы мемлекетіміздің дамуының алғышарты ретінде	68
Мекебаева М.А. Жас мамандардың ғылыми зерттеулерді жүргізе алу әдісі.....	69
Мұханбет Ә.А., Қаңтарбаева Ж.О. Іскерлік қарым-қатынас этикасы пәнін оқытудың өзектілігі	72
Нигметова А.Т., Едильбаева С.Ж. Білім беру ұғымының философиялық негіздері	74
Нурышева Г.Ж., Рау И.А. О методике организации промежуточного контроля знаний	77
Омарғазы Е.Е., Сәдібеков Е.Ө. Отандық жоғары оқу орындарында жаңа заманғы білім беру аясындағы әлеуметтік гуманитарлық пәндерді оқытудың қажеттіліктері және мәселелері.....	78
Рамазанова А.Х., Амиркулова Ж.А. Специфика современной интеграции образования и науки	81
Салдырова М.С., Нұран Д.Н. Жастардың кәсіби потенциалын қалыптастыру ЖОО-ның негізгі міндеті ретінде.....	83
Сарымсақов А.М. Категория субстанции и проблема синтеза философского и физического образования	85
Сейітнұр Ж.С., Садықова Н.М., Құдайбергенова С.Қ. Жаратылыстану мамандықтарына әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту ерекшеліктері.....	89
Сүлейменов П.М. Әл-Фарабидің мұрасын оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері	91
Токсанбаев А.К., Ақынова А., Суйинова А. Орталық Азияның саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өмірінің дәстүрлі ерекшеліктері	93

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МАМАНДЫҚТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Университеттің бакалавриат пен магистратурада психология пәнін оқыту тәжірибесі көрсеткендей, пәндер мен магистрлер жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың ара-жігін айыра алмай ажыратады екен. Гуманитарлық ғылымдарға түсініктеме бергенде ең басты айыру белгісі зерттейтін нысаны мен пәні адам болып табылады деген жалпы анықтамамен шектеледі. Ал зерттейтін медицина ғылымын немесе анатомия, физиологияны қайда жатқызасындар деген сұрақ қойған кезде сдәуір дағдарып қалады. Ендеше айырмашылық ретінде жаратылыстану пәндерін жаратылыстану ғылымдарға, ал гуманитарлық ғылымдарды дәл еместер қатарына жатқызуға болады деген уәж ойнайды. Олай болса барлық дерлік ғылымдарда зерттеу құралы, тәсілі ретінде қолданатын математика қайсысына жатқызамыз? Логика ғылымын ше? Мұндай проблемалық сауалдарды қойған кезде пәндердің ойлау процестері белсенді іске қосыла бастайды. Бұрын астарына онша мән бермеген пәндерге ерекше ынтасы мен қызығушылығы оянады. Ал психологияның қай ғылымдар қатарына жататынын толық курс оқылып біткен соң анықтауға тапсырма беріледі. Өйткені психология пәніндегі түрлі бағыттар мен тұрғыларды, көзқарастарды білмей бұл сұраққа бірден жауап беру

қиын болып табылған. Ғылымтануда өзінің алған бағыты, тікелей өмірге қатынасына байланысты ғылымды іргелі және қолданбалы деп бөлу дәстүрі қалыптасқан. Іргелі ғылым саласының міндеті қоғамды, дүниені, өмірді түсіндіретін заңдарды тану. Бұл заңдар мен құрылымдар «таза күйінде» зерттеледі, оларды практикада пайдалану міндетті емес. Ал қолданбалы ғылымның тікелей мақсаты – іргелі ғылымның қолданбалы жаңалықтарын танымдық, әлеуметтік-практикалық мәселелерді шешуге қолдану болып табылады. Яғни оның міндеті – ақиқатты тану ғана емес, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру. Бірақ кез келген ғылым құбылыстардың сырын ашып түсіндіруге, келешекті болжауға, пәнді іздеп табуға тырысады. Ғылымның басты бір міндеті – әртүрлі заттар мен құбылыстардың қатынасын отыратын маңызды қасиеттері мен қатынастарын көрсететін заңдарды анықтау. Заңдар объективті сипатта болады, яғни объективті дүниенің құбылыстарын байланыстыратын заңды процестерді білдіреді. Қоршаған ортаның тұрақты қайталанып отыратын елеулі әрі қажетті заңдары бізге оны терең түсінуге мүмкіндік береді. Заңдарды бірнеше түрге бөлуге болады: заңдар (ғылымның шектеулі салаларына ғана қолданылатын), ортақ заңдар (бірнеше ғылыми салаларда қолданылатын заңдар), жалпы заңдар (болмыстың іргелі заңдары). Алайда жаратылыстану пәні мен гуманитарлық танымның методологиялары арасында заңдарды түсінуде бірқатар айырмашылықтар бар. Табиғатта жалпы заңдар орын алатынына ешкім күмәнданбаса да, қоғамдық өмірде заңдар жөнінде олай сенімді түрде айта алмайсың. Мысалға, тарихи оқиғалар қайталанып отырған дүние болса, онда тарихи заңдар туралы айту қаншалықты орынды? Адам табиғаттың заңын білмейтіннен жаңадан жасауға, не өзгертуге бола ма? Тұрақты заңдары, заңдылықтары болмаса, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алмаса, оны нағыз ғылым дей аламыз ба? Заңды анықтайтын, заңды анықтатын, негіздейтін ғылымдар мен оны тұжырымдамайтын, іргелі заңдарды болмайтын заңдардың арасында шекара бар ма? Заңдылық пен себептілік туралы түсініктердің өзі жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдарда әртүрлі ұғынылады. Мұның өзі қоғамдық және гуманитарлық пәндерден жаратылыстану ғылымдарының әлеуетін, жетістіктерін асыра бағалауға әкейті. Психология ғылымы да өзінің тарихи даму барысында жаратылыстану ғылымдарын керемет қарастырды. Солардың әдістеріне сәйкесті. Тіпті бихевиоризм бағыты сананы жоққа шығаруға дейін барды. Психологияны физиологиямен алмастыру әрекеттері орын алды. Жанды адам емес, ақылшыл фильмдердегі зомби адам зерттеу басты мұраты болғандай. Бірақ бұл жол психологияны тығырыққа тірегенін бәріміз білеміз.

Сондықтан жаратылыстану мамандықтарының студенттері мен магистранттары үшін пәнділік мәселенің басын бірден ашып алу өте маңызды. Тұтас ғылыми жүйені құрайтын ғылыми пәндерді жаратылыстық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар деп топқа бөлудің негіздерін, пәндерін оқушы түсініп алмаса, оны жай өз қалауымша бөле саламын деу көптеген студенттерге алып келеді. Тіпті ғылымдарды былайша жіктеудің қаншалықты тиімділігі бар? Жеке адамның ғұмыры барлық ғылымды меңгеруге жетпейді десек те, шынайы болмыс туралы объективті әрі жүйелі білім беретін біртұтастықты ажыратып бөлуді ақтайтын бір мықты себептер бар екені тиіс.

Негізгі философиялық философия, неоканттық философия Баден мектебінің негізін салушы Вильгельм Виндель-бардт (1848-1915) ғылымдарды зерттеу пәні емес, қолданатын әдістері бойынша бөлуді ұсынды. Жаратылыстану ғылымдары жалпы заңдарды ашып табуға бағытталғандықтан негізінен

«номотетикалық» (грек тілінде *nomos* – заң, және *tetio* – орнатамын, болуы тиіс) әдістерді қолданады. Гуманитарлық ғылымдар әдетте дара, қайталанбас құбылыстарды сипаттайтын идиографиялық әдістерді (гр. *idios*-ерекше, *grapho*-жазамын) пайдаланады. Алғашқысы фактілерді жалпылайтын заңдарды тұжырымдайды, ал соңғысы қайталанбас өзгешеліктерге мән береді. Жаратылыстану ғылымы методологиясында заттың жеке ерекшеліктері ескерілмейді, ортақ заңдарға мән беріледі. Гуманитарлық ғылымдарда оның жеке ерекшеліктері толығымен қарастырады. Оқиғалар туралы ғылым болып табылатын әлеуметтік-гуманитарлық пәндерде идеографиялық әдіс басты танып-білу құралы. Идеографиялық ойлау типі әр адамға адам деп қарауға үйретеді. Номотетикалық ойлау техникалық психологияның күшеюіне, адамға зат, бұранда, қызмет етуші, атқарушы тетік деп қарауға әкеледі. Жұмысшы персона емес, персонал ғана. Жалдамалы жұмыс күші, пролетариат арнайы құрметтеуге тұрмайды. Гуманизм ғана адамға құрал емес, мақсат ретінде қарайды.

В. Виндельбандтың идеясын ары қарай дамытқан неміс философы, неоканттық философия мектебінің ірі өкілі Генрих Риккерт (1863-1936) еді. Ол өзінің әйгілі «Табиғат туралы ғылым және мәдениет туралы ғылым» еңбегінде ғылымдарды пәні мен әдісі бойынша бөлуді ұсынды. Оның айтуынша, ғылымдарды табиғатты зерттейтін жаратылыстық ғылымдар және құндылықтармен байланысты боп келетін мәдениет туралы ғылымдар деп бөлуге болады. Алғашқысы құндылықтармен тәуелсіз заңдылықтарды ашуға бағытталса, екіншісі ерекшеліктің, даралайтын әдістерді қолданады. Жеке оқиғаларды зерттеу жалпыны зерттеуден еш кем емес.

Сонымен, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзіне тән қандай ерекшеліктері бар? Ең алдымен зерттелетін объектілердің өте жоғары дәрежедегі бірегейлігі. Мысалы, физик екі атомды, биолог екі ағашты, инженер екі машинаны, ал психолог пен педагог екі адамды алып зерттеді делі. Қай ғылымның объектілері арасында айырмашылық күшті? Айтпаса да түсінікті. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың объектісі табиғат пен техника объектілеріне қарағанда анағұрлым күрделі болып келеді. Зерттелетін объектінің қайталанбас бірегейлігі әлеуметтік-гуманитарлық пәндерде жеке дара тұрғыдан келудің маңыздылығын көрсетеді. Ал жаратылыстық ғылымдарда объектілер негізінен бір типті боп келетіндіктен олардың ерекшеліктеріне назар аудармауға болады. Болмашы айырмашылыққа мән бермей-ақ оңай абстракция жасай аласың. Ал заңгер, педагог, психолог адамдар арасындағы айырмашылықтарды ескермей жұмыс істей алмайды. Бес саусақ бірдей емес. Қалыптан тыс балаға, шығармашыл тұлғаға бір өлшеммен қарау қателіктерге ұрындырады. Орташа статистикалық адамның күн көріс деңгейі көрсеткіші нақты бір жеке адамның табысына сәйкес келмеуі мүмкін. Екіншіден, жаратылыстану ғылымы объектісі қарекетсіз, бейтарап «зат» болып келсе, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың объектісі – өзіндік көзқарасы, ұстанымы, үні бар «белсенді» тұлға. Үнемі өзгеріп не дамып отыратын объектінің мінез-құлқы, реакциясы болжау да оңай емес. Олардың құндылығы мен тұлғалық мағынасы, мақсаттары мен руханиятымен есептесуге тура келеді. Үнсіз, енжар «заттарды» зерттегенде қатаң себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға болады. Жаратылыс ғылымдарында детерминизм принципі әрдайым орындалады. Ал рухани еркіндігі бар, жағдайға бағына бермейтін тұлғаны зерттегенде қай принципке сүйенеміз? Психология ғылымында индетерминизм принципі негіздеген бағыттар бар. Жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында индетерминизм ерік бостандығы проблемасымен тығыз байланысты. Табиғатта құбылыстар орын алатын болса, қоғамда жүзеге асады. «Жаңбыр не үшін жауып тұр, жел не үшін соғады?» деп сұрақ қоюдың мағынасы жоқ. Ал адам не үшін олай жасады дегенді (мотивті) арнайы зерттеуге болады.

Үшіншіден, жаратылыстану ғылымдарында зерттелінетін объекті мен зерттеуші субъекті арасында қатаң шекара болатын болса, гуманитарлық ғылымдарда субъект-объектілік қатынас өзара байланысты, бір-біріне тәуелді боп келеді. Мәселен, әлеуметтік психология өзі зерттейтін «объекті» адамнан толықтай тыс бола алмайды. Адамды түсіну үшін онымен қарым-қатынасқа, әрекеттестікке түсуге тура келеді. Экспериментатор бір мезгілде «әрі актер, әрі режиссер». Сыналушының мінез-құлқы өзгеруіне байланысты оның да іс-әрекеті өзгеріске ұшырайды. Оның үстіне, адамдар бейтарап зат емес, элементтер, атомдар, бөлшектер емес, қайта өз әрекеттерін бағалай алады, түсіне алады әрі қажет десе өзгерте де алады. Өз тарапынан ойын, сезімін білдіріп ақпаратта бере алады. Зерттеу объектісінің субъективтік өлшемі бар. Орыс философы М.М. Бахтин айтқандай, «гуманитарлық ғылымдар – үндемейтін заттар немесе табиғи құбылыстарды емес, өзіндік ерекшелігі бар адам туралы ғылым» [1]. Гуманитарлық таным диалогсыз жүзеге аспайды.

Төртіншіден, жаратылыстану ғылымдары материалдық әлемді, объективті шынайылықты зерттесе, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар субъективтік шынайылықты зерттейді. Әсіресе, адам санасын зерттеу өте күрделі. Өйткені оның материалдық заттардан ерекшелігі идеалдығында. Сананың заряд, масса, салмақ, валенттілік сияқты қасиеттері, вольт, метр, калория сияқты өлшемдері жоқ. Оны келіге салып не шыны түтікке орналастырып, сызғышты қолданып зерттей алмайсың. Арнайы аспаптармен тіркей алмайсың. Мидың физиологиялық процестері параметрлерін айқындауға болар, ал ойды, сезімді, мағынаны, яғни сананы қайтін өлшейсің? Неміс философы В. Дильтей былай

...мәлімдеген еді: «Табиғатты біз түсіндіреміз, ал адамның жан дүниесін тек түсінеміз». Өзгенің аясың тікелей көре алмайсың, бақылай алмайсың. Тек оның сыртқы көрністері бойынша (сөзі, әрекеті) ғана бағалайсың. Алайда адамның сөзі – бір бөлек, ойы – бір бөлек, ал әрекеті мүлде басқаша болуы мүмкін. Ол ойын, сезімін жасыра алады. Бет перде жабылады. Сол себепті тыңшыны, сөзін салушыны әшкерелеу оңай емес. Осындай күрделі объектіні зерттеумен айналысатын психологтар әр түрлі әдіс-тәсілдердің жүйесін ұсынады.

Бесіншіден, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда заңдардың жүзеге асуында өзіндік ерекшелік бар. Мәселен, табиғатты зерттеуде бір мәнді себебі бар, дәл болжауға мүмкіндік беретін динамикалық заңдар басым болса, гуманитарлық ғылымдарда ықтималдығы басым статистикалық заңдар, мүмкін біртұтасты білдіретін үрдіс-заңдар ғана жұмыс істейді. Қоғамның заңдары тек адамдардың іс әрекеті нәтижесінде ғана, сол арқылы ғана жүзеге асады. Қол қусырып отырсаң ол заңдар орындалмауы да мүмкін. Қоғам мен мәдениеттің заңдары табиғат заңдары сияқты ұзақмерзімді емес. Адам мінез-құлбы туралы заңды түсініп меңгеріп алса, дәл онда сипатталған реакцияны бермеуі мүмкін. «Біржаканың заңдарын білу осы заңдардың өзін жоюға әкеліп соғады» -деп жазды кибернетиканың негізін салушы Н. Винер. Әлеуметтік психологияның заңын білуде сондай нәтижеге әкелуі мүмкін. Қорытынды ашылған соң ол өз күшін жояды.

Алтыншыдан, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда экспериментті қолданудың шектеулілігі бар. Бір жағдайларда оны қолдану мүлде мүмкін емес. Мәселен, орын алған оқиғаны, тарихты зерттегенде немесе этносаралық қақтығысты, терроризмді, діни сенімдер мен сезімдерді, кісі өлімін зерттеу үшін эксперимент жүргізуге болмайды. Адамның денсаулығына зиян келтіретін, психикалық заңдар тигізетін эксперимент жүргізу ғылыми этикаға сәйкес келмейді. Мәдениетті зерттеуде қатаң бақылаудың эксперименттің орнына квазиэксперименттер қолданылады. Психологиядағы эксперименттік зерттеулерде экологиялық валидтілік мәселесі өткір тұр. Жаратылыстану ғылымдарында эксперимент нәтижесі дау дамайларға нүкте қойса, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда бақыластар, талқылаулар ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы жалғаса береді. Плурализм жоғары деңгейде келеді. Мәдениентристік, аксиологиялық ғылым болып табылатын әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда ақиқат өлшемі де даулы мәселе.

Қысқасы, жаратылыстану мамандықтары студенттер мен магистранттары санасына әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ерекшеліктерін толықтай әрі терең түсінуіне көмектесетін тақырыпты мазмұнына арнайы қосуға тиіспіз. Адамдар әлемінің күрделілігін ұққан маман ғана рақымсыз, ақиқаттан жұрдай, адам баласына жаны ашымайтын, зұлымдық иесі болмауы әбден мүмкін.

Әлебиеттер

1. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества у М.М. Бахтин. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.

Сулейменов П.М.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі заман талабының сұраныстары мен өлшемдеріне сай келетін тұлғалық универсумды қалыптастыру. Қазір таңда Шығыс пен Батыстың, Еуропа мен Азияның мәдениетін сініруде, көптеген елдердің тарихи тағдырларының торабында жатыр, қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің тұрақты, қатты өзегі бар көп мәдениетті, көп конфессиялы мемлекет болып табылады. Қазақстан жаңа мың жылдықтағы білім беру міндеттерін шеше отырып, бір уақытта қазақстан халқының діліне және ұлттың рухына сай келер ұлттық білім беру үлгілерін қарастыруа. Шетелдік білім беру бағдарламалары мен жаңа технологиялар, білім берудің ұлттық үлгісі, өзіне әлемдік тәжірибені сініріп, әлемдік стандарттар мен нормативтерге жауап бере отырып, қазақ халқының ұлттық мінезін, оның өмір сүруіне еуразиялық бауырластығынан туған мәдени-тарихи ерекшелігін таныта отырып меңгеріп, өңделуі тиіс [1].

Қазақстан «базалық білім» ұғымын түбегейлі өзгертетін бала құқығы жайлы Конвенцияның және білім жөніндегі Бүкіл әлемдік декларацияның бағдарламалық тұрғыларына сүйенеді. Ертеректе ең алдымен ғылым негіздерін меңгеру мен сауаттылыққа көңіл бөлінсе, қазіргі базалық білім – кеңірімділік, әділдік, махаббат, зорлық көрсетпеу, бақыт, дұрыс мінез-құлық сияқты адами құндылықтарды білу және соларға оқытуды болжалдайды.

Жоғарыда аталғандардың аспектісінде «Әл-Фараби мұрасы» сияқты бірегей курстың шүбәсіз ерекшелігі мен бірінші кезектілігі ашыла түседі. Оның аясында рационализм мен еуропаға орталық-